

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 233 – 236

УДК159.9

R.Kh. Beisenbayeva, M.A. Kopbosynov

South-Kazakhstan pedagogical University, Shymkent
erke_zh@mail.ru

**FEATURES OF EDUCATION
IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY**

Abstract. The article thoroughly analyzes and discusses the features of the Enlightenment trends in Kazakh literature. Great merits of personalities-followers of enlightenment, which are on the way of development of science, culture, history and mentality of our people, are studied in detail. The connection of socio-historical factors from a historically important long path with a literary heritage is considered, the concept of scholars of culture education in Kazakh culture is generalized and gradually systematized. Specific examples are given of the existence of a unique method of education in the eradication of Kazakh land in the early XX century.

The search for answers to the question of what poets and writers should have been, which served as the support of the nation, were produced in the works of A. Baytursynov and A. Bokeikhanov. Specific examples are given of the historical role of the views and judgments of A. Baytursynov and A. Bokeikhanov at the beginning of the XX century, when the Kazakh land, under the influence of Russia, was subject to restrictions and prohibitions.

Keywords. Analyzes, discusses, features, literature.

Р.Х. Бейсенбаева, М.А. Копбосынов

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет Шымкент қаласы

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АҒARTУШЫЛЫҚ
АҒЫМЫНА ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Аннотация. Мақалада қазақ әдебиетіндегі ағартушылық ағымның ерекшеліктеріне жан-жақты талдау, талқылау жасалады.

Ұлтымыздың ғылымы, мәдениеті мен тарихы, ой-санасының дамуы жолындағы ағартушылық бағыт ұстанған тұлғалардың ерен еңбегі сараланды. Тарихи маңызы зор ұзақ сапардың қоғамдық-тарихи факторлармен әдеби мұралармен байланысы қарастырылды, қазақ мәдениетіндегі ағартушылық бағыттың кезеңдерге бөлінуіндегі ғалымдар тұжырымы жинақталып, жүйеленді.

XX ғасыр басында қазақ елін тығырықтан шығарудың бірден - бір жолы ағартушылық болғандығына нақты мысалдар арқылы дәлелдер келтірілді. Ұлт жанына қуат болатын ағартушылық бағыт ұстанған әдебиет пен әдебиетті жасайтын ақын-жазушылар қандай болу керек еді деген сұраққа А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов зерттеулерінен жауап іздеді.

XX ғасыр басында Ресей ықпалындағы қазақ даласында жағдайға қарайлап амал жасаған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы т.б ағартушылардың пікірлері назарға алынып, шектеулер мен заманындағы мүмкіндіктердің тарихи рол атқарғандығы нақты мысалдармен жүйеленді.

Қай кезеңде де ел арасынан оза шығып ұлтқа тұтқа, сүйеу болар даналар халқын жарқын болашаққа бастап отырды. Соның ішінде сөз зергерлері, қаламгерлердің орны ерекше болды. «Әдебиет — ұлттың жаны», «Шер толқытып шығарған таза мінсіз асыл сөз – ұлт мінезі мен қадір-қасиетінің асыл мұрасы» - деген, Шығыстық және Батыстық ғұламалардың аузынан шыққан сөз осыған толық дәлел бола алады. Қазақ

мәдениетінің тарихында да болашақтың қамын жеп, тарихтың таукіметін тартып, бар ауыр жүкті мойындарына артқан әдебиетші қауымның атқарған еңбегі аз емес.

Мақалада әдебиетімізде ойып алар орны бар Ағартушылық кезең жөнінде сөз қозғамақпыз. Ағартушылық — болашаққа, мәдениеттің жетістіктеріне ұмтылған елдің бастан өткерер жетілу және даму, өрістеу жолы. Ұлтымыздың ғылымы, мәдениеті, тарихы, ой-санасы бұл жолда ағартушылық бағыт ұстанған тұлғалар алдында борыштар. Адамзат дамуындағы мұндай ауыр жолды әр ұлт әрқалай, бірі-біріне ұқсай бермейтін әрқилы кезеңде, әржағдайда бастан өткереді. Тарихи маңызы зор ұзақ сапар қоғамдық-тарихи факторлармен де тікелей байланысты екені даусыз. Қазақ қайраткері Әлихан Бөкейхан: «Оқу-білім болса, мақсат бәрі табылады дегендей көрінеді. Бұлай болса, бұл адасқандық болды. Біліммен мақсат шықпайды. Ғәзәзіл ұрмақтан надандықтан шыққан жоқ. ...Ұлтына, жұртына қызмет қылу — білімнен емес, мінезден. ...Жақсы мінезге тоқтаған адам аз ...Неше түрлі залалды қазақ мінез бұзық орысша, мұсылманша хат білгендерінен көрініп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді. Білімнен жақсы мінез шықса, бұ қалай?» - дейді [1]. Әлиханның "жақсы мінез" дегені - адамшылық, имандылық, елжандылық. Яғни ағартушы Әлихан да дұрыс тәрбиесіз алған білімнің қоғам үшін зиян екендігіне келіседі.

Қазақ мәдениетінің ағартушылық кезеңі де осы мәселелерді бірінші кезекке қойды. Бұған ағартушылық кезеңде қалам ұстап шығармашылықпен айналысқан тұлғаларымыздың мұрасы толық дәлел бола алады. "Басқадан кем болмас үшін біз білімді, хәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек", - деп жазады Ахмет Байтұрсынұлы [2]. Ал «Маса», «40 мысал» еңбектерінде қазақ балаларын күшті, білімді болуға талмай үндеді. «Өзірге қолдан келген осы барым» - деп ақталды. Ақталуға бірден-бір себеп: ағартушыларымыз шығармашылығы жат жұртқа бодан болу дәуірінде қалыптасып дамыды. Отаршылдыққа қарсы күрес барысында жетілген шығармашылықтарында қолдың қысқалығы мен мүмкіндіктің шектеулігі анық аңғарылып отырды. Бұл жағдайлар кейінен Кеңестік идеология құрсауымен жалғасын тапты. Осының барлығы келіп әдебиетіміз бен мәдени мұраны дәуірлеу кезеңінің тарихын жүйелеуге өз ықпалын тигізді. Ал әдебиет — белгілі бір қалыпқа сыймайтын, қалыпты мінезге көнбейтін, сан салалы құбылыс. Солай бола тұра әдебиеттану ғылымында ғалымдарымыз оны біршама жүйеге түсірген.

Ағартушылық ұғымының жеке термин ретіндегі мәні тарихын тереңнен тартатыны белгілі. Негізінен, интеллектуалды-пәлсафалық, мәдениеттанулық салмағы бар бұл түсінік ХҮІІ ғасырдың соңына қарай қалыптаса бастады. «Ағартушылық» терминінің түп мәні «жарық», «нұр» деген ұғымдармен байланысты [3, 823-826]. Бұл ұғым он сегізінші ғасырдың басында сол кезеңнің ойшылдарының пікірлерінде көптеп кездеседі. Бұл терминнің дәйекті ғылыми анықтамасы 1874 жылы жарық көрген И. Канттың «Ағартушылық дегеніз не?» деген мақаласынан кейін нақтылана түседі. Кант бұл жерде адамзат «кәмелеттік кезеңінен» шығуы үшін әрдайым өзінің «ақыл-ойын тиімді пайдалана білуі» аса маңызды деген қағиданы алға тартады. Әрине, бұл жалпылама алғанда ақыл-ойдың өлшеусіз құндылығын білдіреді. Яғни, халқының қамын жеген әрбір азамат-ағартушы бұл дәстүрлі тәсілді әдебиеттің қайбір саласында болмасын тиімді пайдалануды мақсұт тұтты. Мұнан әдеби аударма да тыс қалмайтыны өз-өзінен түсінікті.

XX ғасыр басындағы қазақ елінің білім деңгейі туралы М.Дулатов былайша ой толғайды: «Дүниеге қатынасып жүрген оқыған заттарымыз болмаса, біздің ғұмуми (жалпы) қазақ халқы пайдалы мәселелерден бихабар еді» [4, 19 б]. Мұндай халдегі қазақ елін тығырықтан шығарудың бірден-бір жолы ағартушылық екені айқын.

Ұлт жанына қуат болатын әдебиет пен әдебиетті жасайтын ақын-жазушылар қандай болу керек деген сұраққа XX ғасыр басында әдебиеттану ғылымының негізін қалаған А. Байтұрсынұлы: 1. «сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек»; 2. «дұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек»; 3. «мағыналы, маңызды болуына білім керек» деген болатын.

«Өмірді сыршылдықпен, шынайылықпен суреттеуге» қалам тартқан ағартушылық бағытты берік ұсатпағандардың бірі С. Көбеев еді. Спандияр И.А. Крыловтың 37 мысалын аударған. Бұл еңбектері 1910 жылы шыққан «Үлгілі тәржіма» хрестоматиясына енді. Спандияр орыс мысалын қандай мақсатпен аударғаны туралы: «Надандыққа, феодалдық ескішіл, өрескел сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден-бір жолы – халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру деп ұғушылардың бірі мен едім. Бірақ сегіз-тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне көзім әбден жетті. Бұл күресте халық санасына күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінеді. Іздене келе, мен ол мақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралының бірі-көркем әдебиет екен деген ой түйдім. И.Крыловтың мысал өлеңдері аудармасының оқушы былай тұрсын, халық бұқарасына әсері осы ойымның дерегі еді» – деп жазады [5, 111 б].

Ағартушы-ақын аталған жинаққа қатысты да, өз ұстанымын: «Үлгілі бала» хрестоматиясына Крыловтың өзім аударған мысалдарын кіргіздім, орыс классиктерінің балаларға арнап жазған қысқа әңгімелерін өзімшілеп, қазақ тұрмысына лайықтап жаздым...» – деп нақтылайды [5, 242 б]. Бұл жерде Спандияр Көбеевтің «өзімшілеп, қазақ тұрмысына лайықтап жаздым» дегеніне назар аудару керек: автор аудармада

негізінен оны дәл беруге емес, дала оқырманна түсінікті болу үшін «қазақ тұрмысына лайықтап жазғанын» ашық айтып отыр. Абайда байқалған бұл үш негізді Ахмет, сөз жоқ, ендігі ақын-жазушыда болса екен деген ниетпен жазды деп санаймыз.

Үндістандық Әбул Хасан ән-Недвӣ: «Әдебиет адам ақылы мен пікір-көзқарасын қалыптастыруына әсер ететіндігі даусыз. Адам сезімін бірқалыпты ұстайтын да - әдебиет,» – дейді.

Қазақ ағартушылары қаншалықты қиын да, қатал кезеңде өмір сүрсе, олардың шығармашылығына тұсында айтылған сыни пікірлер де қатал болды. Ғ.Тоғжанұлы «Әдебиет және сын мәселелері» атты кітабында замандастарының әдебиет саласындағы мақсаты мен талабына сын көзбен қарап, өзі дұрыс деп тапқан жолды сілтеуді қалайды. Төңкерістен бұрынғы қазақтың көркем әдебиетінің жалпы сарыны ұлтшылдық еді.

Ақымет, Міржақып, Омар Қарашұлы, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мұхтар, Сәбит Дөнентайұлы, қысқасы қаламының желі бар ақын-жазушыларымыздың бәрі де қазақтың нағандығын, орыс патшалығының қорлығында жүргенін, «әділ» хан, билердің кеткенін, қазақ әйелдерінің малға сатылатынын, ескіліктің қазақ еліне бөгет-шырмау болып отырғанын жазушы еді. Ол кездегі үлгі қылатын адамдар: жақынына қарасқан, ұлт қамына атсалысқан, қазақтың берген мырза, бай, атқамінер, қадырлы ақсақалы, қазақ қамын жеген оқығаны, сүйгеніне баруға ұмтылған қазақтың әйелі...» [6,23]. Кеңес заманындағы Алаш зиялыларының еңбегіне төмендегіше баға береді: «Бүгін қазақ байының жоқшысы, көсемі - Ақымет, Әлихан, Мағжан болып тұрса, ертең олар өлсе, осылардың орнын басатын басқа Ақымет, басқа Мағжандар шығады. Бұлардың бұрынғы ұлтшылдығы, байшылдығы енді «бұқарашылдық» болды. ...Бұқараның атын жамылған баяғы ұлтшылдық, баяғы байшылдық. ...Смағұлдың дос қылып отырған Ақыметімен танысыңыз. Ақымет төңкерістен бері өлеңді қойды. Ғалымдықпен шұғылданады. Баяғы ұлтшылдығын, байшылдығын қойды ма? Қойғаны сол, байшылдығын, ұлтшылдығын Ақымет «сабағына» кіргізеді» [6,155-156]. «Тар жолда тайғақ кешу» тұсында өлең жазудықоя тұрып, әдебиет пен тілдің ғылыми мәселелерімен айналысу бірден-бір дұрыс таңдалған жол деп санаймыз...

XX ғасыр басында Ресей ықпалындағы қазақ даласында жағдайға қарайлап амал жасамау мүмкін емес еді. Ә. Бөкейханның, А. Байтұрсынұлының т.б. бірыңғай «батысшыл» болмай, Шығыс мәдени мұрасын да назарда ұстап, насихаттауы осыған дәлел. Әлихан, Ахметтер мұрасының ұлт мәдениетінің тарихында ағартушылық бағыт ұстанып, ерен еңбектер атқарғанына ешкімнің дауы болмас.

Ғалым Д. Қамзабекұлы өз зерттеуінде мына мәселелерді назарда ұстауымыз керек екенін ескертеді. «Біз XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Қазақ Ағартушылығын сөз еткенде, мына мәселелерді естен шығармауымыз керек: бірінші, іште бодандыққа мойынұсынбаушылық күші буырқанғанмен, ұлт зиялылары елінің болашақ дамуын Ресей шындығымен байланысты елестетті; екінші, рухани мәселеде империяның мұсылман милләттерінен шыққан қайраткерлер сол шындыққа сәйкес «орыс мұсылмандығы» («Русское мусульманство») идеясын көтерді; үшінші, ағартушылықтың күретаымыры болып есептелетін әдебиет пен мәдениетте приоритет орыс руханияты арқылы Батысқа ауды, алайда Шығыстық тамыр ұмытылмады.»

Т. Кәкішев өз мақаласында; «Енді ағартушылық-демократтық және елшілдік бағыттағы әдебиеттерді біріктіріп, ағартушы-азатшыл әдебиет деп тұтастыру, ішкі ерекшеліктерін ашу керек. Ескі әдетпен жіктемей, жіліктемей, тұтастыра қарап, жалпы концепция ұсыну қажеттілігі айқын сезілуде.» - деп жазды [7,181]. Бұл — Алаш ақын-жазушыларының халқымен қайта қауышып, рухани құндылықтың оралу шағында дәйектелген ғылыми негізі толық тұжырым еді. Ағартушылық кезең шығармашылығына байланысты әдебиетті дәуірлеу мәселесіне қатысты еңбегінде ғалым М. Мырзахметов: «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиетті ...бұзып-жармай-ақ бүтін қалпында "Отаршылдық дәуірдегі әдебиет" деп атауымыз керек.» - дейді де [8,183], іштей кезеңдерге бөледі.

Орыстың танымал ғалымы П.Н. Сакулиннің тұжырымына қарағанда дәуірлеудің үш принципі бар. Олар: анналистикалық принцип (хронологияға сүйенеді), гетерогендік принцип (әдебиетке әсер етті делінген саяси, қоғамдық, экономикалық факторларды басшылыққа алады), автономдық, яки автогендік принцип (өнердің өз ерекшелігін негіз етеді) [9,63-64].

Қазақ әдебиеттану тарихында ағартушылар шығармашылығын жан-жақты терең зерттеген ғалым Д. Қамзабек еңбегінде нақты, дәлелді тұжырым жасалған деп санаймыз: «Қазақ Ағартушылығы шамамен 1860 жылдан 1929 жылға дейін жетпіс жылдай уақытқа созылған. **Біз Қазақ Ағартушылығын үш бөлікке топтастырдық. Олар: Бастапқы ағартушылық (1860-1890), Негізгі ағартушылық немесе Алаш ағартушылығы (1890-1920), Инерциялы ағартушылық (1920-1929)...** Біріншіден, Ыбырай да (бастапқы ағартушылық), Ахмет те (негізгі ағартушылық), Смағұл да (инерциялы ағартушылық) өзін, немесе қатарласын «просветитель» деп атаған. Екіншіден, олар елді ағарту бағытында еңбек (көркем шығарма, зерттеу, мақала) жазып жүргендерін ашық мәлімдеген. Үшіншіден, олардың ағартушы болғаны - кемшілігі, яки артықшылығы емес, ұлт сұранымы қажет еткен миссиясы... 1929 жылы күллі алаш зиялыларына бағытталған саяси репрессия басталды. Бұдан кейін олар әдебиетке, шығармашылық өмірге қайта орала алмады. Бұл - Алаш ағартушылығының, руханияттағы елшілдіктің үзілген межесі. Әрі қарай қазақ ұлтын

«ағартуды» Кремль бірыңғай өз қолына алды (бұл күрделі процесс тарихи шындыққа сәйкес зерделенуі қажет).

Ағартушылық кезең жаңа көркемдік ізденістерге, көркемөнер формалары мен бейнелеу амалдарына еркін жол ашты. Бұл уақытта өмірді сыршылдықпен, шынайылықпен суреттеу байқалды.»

Қазақ мәдениетінің ең бір күрделі кезеңінің бірі ХХ ғасыр екені даусыз. Ал бұл кезеңнің әдебиетіндегі ағартушылық бағытты саралап талдап, талқылауға байланысты әрқилы пікірлер айтылды. Батыл, шынайы пікірлер мен тұжырымдардың тарих қойнауында бүгіліп қалған тұстары да жоқ емес.

Б. Кенжебаев ХХ ғасыр басындағы әдеби бағыттар жөнінде: «ХХ ғасыр басындағы әдебиетті үш түрлі бағытқа, топқа бөлуге болады. Олар: 1) ескішіл-феодалдық, буржуазияшылдық-ұлтшылдық бағыттағы әдебиет; 2) демократтық-ағартушылық бағыттағы әдебиет; 3) революциялық халық поэзиясы», - деп [10,63] жазады. Әдебиетіміздің тарихында батыл тұжырымдарымен танымал тұлғаның Бейсекеннің өзі осылай топтауға мәжбүр болды.

Қазақ әдебиетінің осы кездегі даму ерекшеліктерінің бірі — батыс пен шығыс мәдениетінің ара салмағының алмасу кезеңіне сай келгендігі. Әр қаламгер қоғамдағы маман тапшылығына байланысты бірнеше салада қатар жұмыс атқаруына тура келді. Көркем сөз саласының майталмандары араласпаған мәселе қалмағаны да тарихи шындық. Ең күрделі мәселенің бірі ретінде ағартушылық, оқу-ағарту жұмыстарының дұрыс жолға бағытталуымен тікелей байланысты еді. Бұл атқарылған жұмыстардың күрделілігі сонда ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ұлттық интеллигенциясының қалыптасуымен тұстас уақыт еді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қыр баласы. Ашық хат: Қазақ, 1913, 10 июль
- [2] Бас қосу турасында: Қазақ, 1913, 16 июнь
- [3] Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва: Интелвак, 2003.
- [4] Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
- [5] Көбеев С. Орындалған арман. – Алматы: ҚМКӨБ 1951. – 211 бет.
- [6] Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет жана сын мәселелері. – Қызылорда: бастырған "Еңбекші қазақ", 1929. – 192 б.
- [7] Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
- [8] Мырзахметов М. Отаршылдық дәуіріндегі әдебиет. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі: Жұлдыз, №7, 1993. 181-191 б.
- [9] Сакулин П.Н. Филология и культурология. – Москва: Высшая школа, 1990. – 240 с.
- [10] Кенжебаев Б. Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1958. – 307 б.